

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

04 маусым 2024 жыл

KACC барлық KASE нарықтарында орталық контрагент және есеп айырысу ұйымы ретінде әрекет етеді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) Биржаны дамытудың 2022-2024 жылдарға арналған "Орталық контрагентті негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде дамыту" стратегиясының бағытына сәйкес, өзінің 100 % еншілес ұйымы – "KASE Клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – KACC, Клирингілік орталық) валюта нарығында және деривативтер нарығында клирингілік және есеп айырысу функцияларды, сондай-ақ орталық контрагенттің (бұдан әрі – ОК) функцияларын беруді жүзеге асырды.

Осылайша, Биржа Клирингілік орталыққа барлық KASE нарықтарындағы клирингілік және есеп айырысу қызметі мен ОК функцияларын беруді аяқтады. Естеріңізге сала кетейік, 2023 жылдың 25 қыркүйегінде Клирингілік орталық клирингілік және есеп айырысу қызметін жүзеге асыруға және Биржаның қор нарығында ОК функцияларын орындауға кірісті.

Биржалық нарық инфрақұрылымының функцияларын бөлу олар ұйымдастырылған нарықта операциялар жасаған кезде инвесторлар үшін тартымды жағдайлар жасау, шетелдік инвесторларды тарту, үздік халықаралық стандарттарды енгізу, Қазақстан мен өңірдегі өзге биржалық нарықтарда қызметтер көрсету үшін мүмкіндіктерді кеңейту, сондай-ақ инфрақұрылымдық ұйымдардың тәуекелдерін бөлу мақсатында жүзеге асырылды.

03 маусымнан бастап "қор", "валюта" және "деривативтер" санаттары бойынша KASE мүшелері болып табылатын 50 қаржы ұйымы Клирингілік орталықтың клирингілік қатысушылары болып табылады. Клирингілік қызмет көрсетуге 1 426 қаржы құралы, оның ішінде қор нарығының 885 қаржы құралы, валюта нарығының 22 қаржы құралы, ақша нарығының 499 құралы және деривативтер нарығының 20 қаржы құралы қабылданды.

ОК ретінде клирингілік орталық қатысушылардың тәуекелдерін төмендетуді, мәмілелер бойынша есеп айырысулардың аяқталуына кепілдік беруді, кросс-маржа және неттинг есебінен қатысушылардың транзакциялық шығындарын қысқартуды қамтамасыз етеді. ОК сервисі инвесторларға мәмілелер бойынша активтерді уақтылы алуда кепілдіктер беруге, тәуекелдерді басқаруды және нақты уақыт тәртіптемесінде қаржы құралдарды барабар бағалауды енгізуге мүмкіндік береді.

KASE ОК-ны өзінің барлық нарықтарында кезең-кезеңімен енгізді: 2012 жылы – туынды қаржы құралдар нарығында, 2018 жылы – валюта нарығында, 2019-2020 жылдары – қор және ақша нарықтарында.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орынды және 2023 жылдың қорытындысы бойынша FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша төртінші орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының

(WFE), Еуро-Азия қор биржалары Федерациясының (FEAS), Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері биржаларының Халықаралық қауымдастығының (ТМД ХБА) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Тұрақты даму үшін қор биржалары" бастамасының қатысушысы болып табылады.

"KASE Клиринг орталығы" АҚ Биржаның "eTrade.kz" ЖШС еншілес ұйымын қайта құру жолымен құрылып, 2022 жылдың 21 маусымында тіркелген.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz